

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Я дыбысы мен әрпі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
02.06.2020

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/76056/>

**Сыныбы:** 0 «А»

**Өткізген мектепалды даярлық топ мұғалімі:** Амангелдиева Ғ.Ұ

Қараой ауылы 2019-2020 оқу жылы

**Білім беру саласы:** «Қатынас»

**ҰОҚ:** Сауат ашу негіздері.

**Тақырыбы:** Я дыбысы мен әрпі.

**Бөлім -** 1. Тыңдалым және айтылым.

**Бөлімше -** 1.1 Сөздердің дыбыстық формаларын ажырату.

**Оқу мақсаты:** 0.1.1.3 Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау.

**ҰОҚ мақсаты:** Сөзді буынға бөледі, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтайды.

**Қолданылатын әдіс-тәсілдер:** сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойындар, құрастыру

**Ресурстар:** қима қағаздар, кубиктер, доп, суреттер, ойыншықтар, асықтар.

ҰОҚ кезеңі	Педагог әрекеті	Бала әрекеті
<b>Мотивациялық-Қозғаушылық</b> 2 мин	Психологиялық ақуал. Шаттық шеңбері. Балалар бүгінгі сабағымызды жақсы өлең жолдарымен бастайық Аспанға қарап ай көрдім! Жерге қарап гүл көрдім! Жан – жағыма бұрылып, Егеменді ел көрдім!	Балалар өлең жолдарын іс – әрекет арқылы көрсетеді.
<b>Ұйымдастырушылық- ізденістік</b> 5 мин	-Балалар, бүгінгі сабақта сендер 3 топқа бөлінесіңдер. -Сабаққа белсенді қатысқан топқа алма беріледі. Сабақ соңында көп алма жинаған топ жеңіске жетеді. <b>Сөздік жұмыс.</b> Алма- яблоко- apple	1- топ: Таңғы ас 2- топ: Түскі ас 3- топ: Кешкі ас  Бағалау.

<p><b>Негізгі бөлім</b> 20 мин</p> <p><b>Алдыңғы оқу.</b> «Ыстық доп» ойыны. <b>Мақсаты:</b> сұрақ-жауап арқылы өткен тақырыптады еске түсіру. -Дыбыс дегеніміз не? -Дыбыстар нешеге бөлінеді? -h дыбысы қандай дыбыс? — h дыбысы бар қандай сөздер бар?</p> <p><b>Жаңа сабақ.</b> — Балалар, бізге сендер сияқты Аян мен Саят деген балалар хат жазыпты. Олар сендерден мына жұмбақтың жауабын шешуге көмек сұрапты. Көмектесеміз бе? <b>Жұмбақ:</b> Аяқта бар, Баста жоқ, Таяқта бар, Таста жоқ.</p> <p>-Я әрпін таныстыру. — Я = Й+А Қосарлы дауысты дыбыс.</p> <p>Баспа түрімен Тақтаға жазбаша түрімен. Оқулықта берілген я әрпін бастыру. <b>Топтық тапсырмалар:</b></p> <p>1-топ: 1-тапсырма: Жерден өніп шығатын тағамдарды жасыл түспен қорша. Малдан алынатын тағамдарды қызыл түспен қорша. Сөздерді буынға бөліп көрсет.</p> <p>2-топ: 2- тапсырма: Дыбыстық талдау жаса. Сия, ұя, таяқ</p> <p>3-топ: 3-тапсырма: Пісірмей жейтін тағамдар қайсысы? Белгіле.</p> <p><b>Сергіту сәті</b> Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбырды. Ойлы – қырлы жерлермен, Ытқып-ытқып секірді.</p> <p><b>1-топ. Таңғы ас тобы</b> <b>«Адасқан әріптер» ойыны</b> <b>Мақсаты:</b> әріптерден сөз құрау және баланың қолының ұсақ моторикасын дамытуға арналған тапсырмалар. <b>Шарты:</b> Қағазға жапсырылған ойыншықтар, асықтар мен әріптерді жіпті пайдалана отырып сөз құрау.</p> <p><b>2- топ: Түскі ас тобы</b> <b>«Әріптерден сөз құрау»</b> <b>Мақсаты:</b> дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырату және әріптерден сөз құрау. <b>3-топ: Ойлан, тап!</b> <b>Шарты:</b> пайдалы және зиянды тағамдарды ажырату.</p>	<p>-Дыбысты естиміз, айтамыз — Екіге дауысты, дауыссыз. — Дауыссыз дыбыс. — жиһаз, айдаһар, гауһар, қаһар, қаһарман, шаһар, жиһан т.б</p> <p>— Я әрпі</p> <p>Оқулықтағы я әрпін жазу.</p> <p>-ал-ма, қи-яр, сә-біз</p> <p>— құрт, май, нан</p> <p><input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/></p> <p><input type="text"/> <input type="text"/></p> <p><input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/></p> <p>— қарбыз, орамжапырақ, қызанақ</p> <p>Балалар өлеңді қимыл қозғалыс арқылы көрсетеді.</p> <p>— Қияр, пияз, бояу.</p> <p>— Алма, өрік, анар, арша</p> <p>Пайдалы тағамдар — сүт өнімдері, жеміс-жидектер, дәнді дақылдар, көкөністер. Зиянды тағамдар — қуырылған картоп, газдалған сусындар, сағыз, тәттілер, балмұздақ.</p>	<p>— Дыбысты естиміз, айтамыз — Екіге дауысты, дауыссыз. — Дауыссыз дыбыс. — жиһаз, айдаһар, гауһар, қаһар, қаһарман, шаһар, жиһан т.б</p> <p>— Я әрпі</p> <p>Оқулықтағы я әрпін жазу.</p> <p>-ал-ма, қи-яр, сә-біз</p> <p>— құрт, май, нан</p> <p><input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/></p> <p><input type="text"/> <input type="text"/></p> <p><input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/></p> <p>— қарбыз, орамжапырақ, қызанақ</p> <p>Балалар өлеңді қимыл қозғалыс арқылы көрсетеді.</p> <p>— Қияр, пияз, бояу.</p> <p>— Алма, өрік, анар, арша</p> <p>Пайдалы тағамдар — сүт өнімдері, жеміс-жидектер, дәнді дақылдар, көкөністер. Зиянды тағамдар — қуырылған картоп, газдалған сусындар, сағыз, тәттілер, балмұздақ.</p>
--	---	--

<b>Қорытынды бөлім</b> 3 мин	-Балалар, бүгін біз қандай әріппен таныстық? — я қандай әріп? -сөздің қай жерінде кездеседі?  Бағалау. Жинаған алмаларыңды себетке санап саламыз, қай топта көп алма сол топ жеңіске жетті.	— я әрпі  — Қосарлы дауысты дыбыс. — Ортасында , басында.
---------------------------------	--	--

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.